

«Бекітемін»

Мектеп директоры

_____ Р. Дитц

«_____» тамыз 2025 ж

«Келісемін»

директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары

_____ Т.Раисова

«_____» тамыз 2025 ж

**«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ
ГODOVOY ПЛАНПО РЕАЛИЗАЦИИ ЕДИНОЙ
ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ "АДАЛ АЗАМАТ"
2025-2026 учебный год**

Павлодар облысының білім басқармасы, Ақтоғай ауданы білім бөлімінің

«Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ

КГУ «Средняя общеобразовательная школа имени Ыбырая Алтынсарина» отдела образования Актогайского района управления
образования Павлодарской области

Жоспарға негіздеме: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады.

Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады. Өскелеңжасұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жасұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып,

оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

- тәуелсіздік және отаншылдық
- бірлік және ынтымақ
- әділдік және жауапкершілік
- заң және тәртіп
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:
- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

- **КҮНДЕЛІКТІ:**

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

- **апта сайын:**

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.

- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.

- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шарасы сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізу ұсынылады.

- Сынып сағаттарында «Буллингтен қорған!» алдын алу шарасын ұйымдастыру ұсынылады. Бұл білім алушылардың басқалармен қарым-қатынас жасау, өз эмоцияларын басқару және қақтығыстық жағдайларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер мен кейс-сессияларын мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізу ұсынылады.

- «Ойынға салауатты көзқарас» – лудоманияның алдын-алуға бағытталады. Лудомания туралы бейнероликтер қарауға, ойынға құмарлық, онлайн ойындарға ақша тігу т.б. зияны туралы топтық талқылаулар ұйымдастыруға және салауатты әдеттерді, баламалы қызығушылықтар мен хоббиді дамытуға бағытталған сынып сағаттарын, мектепішілік шеберлік сыныптарын өткізуді қамтиды.

- «Өмірге салауатты қадам» алдын-алу іс-шаралары шеңберінде синтетикалық есірткінің (Интернет-ресурстар арқылы) таралуының алдын алу және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша сынып сағаттарында олардың зияны мен денсаулыққа теріс әсері туралы деректі фильмдер көру, сыныптарда есірткіге қарсы плакаттар, бейнероликтер және т.б. әзірлеу, дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты мәселелерін талқылау бойынша іс-шаралар өткізу ұсынылады.

- «Қоғамдық мүлікті қорға!» сынып сағаттарында вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар әзірлеу және/немесе қоғамдық мүлікті қиратудың, мәдени ескерткіштерді қиратудың зияны туралы топтық талқылауларды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізуді қамтиды.

- «Қауіпсіз қоғам» Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі заттарын таратуға және т.б. құқықбұзушылық актілеріне байланысты негізгі нормаларды түсіндіру және адам бас бостандығынан айыру, заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық істер туралы бейнероликтер қарау мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлескен шаралар өткізуді қамтиды.

- Қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру, буллинг, лудомания, вандализм, нашақорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде сынып сағаттарын ұйымдастыру жоспарына сәйкес жүргізу ұсынылады (Бұйрыққа 2-қосымша).

- Білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде келесі әлеуметтік жобалар ұсынылады:

- «Қамқор» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру арқылы түйінді құндылықтарды дамыту қарастырылады. Жоба шеңберінде білім алушыларды «Қоғамға қызмет ету» волонтерлікке ата-аналар қауымдастығы және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қарттарға көмек көрсету, жануарларға қамқорлық жасау, табиғат элементтерінен қайта өңделген материалдарды пайдалана отырып құстарға ұя жасау т.б. ұсынылады.

- Сонымен қатар жобаны іске асыру «Жер сағаты» экологиялық акциясын, «Түлектердің ағаш егуі» экокелленджін, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясын өткізуді қамтиды. «Жер сағаты» экологиялық акциясы климаттың өзгеруі мен ресурстарды үнемдеудің жаһандық мәселелеріне назар аударуға бағытталған бастама болып табылады. Акцияның негізгі элементі – жарық пен электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру, бұл энергияны ұқыпты пайдалануға үндейді. Білім беру ұйымдары жыл бойы табиғи ресурстарды қорғаудың маңыздылығын көрсететін постер, жадынама әзірлеуге болады.

- «Түлектердің ағаш егуі» экокелленджі – бұл бүкіл республика бойынша мектеп түлектері арасында (9-шы және 11-сыныптар) мектеп аулаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызуға үндейді. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» – бұл мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарды (саябақтар, скверлер) тазалау акциясы.

- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың түрлі мамандыққа деген қызығушылығын дамыту және еңбексүйгіштікке баулу арқылы еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығын қалыптастыруды көздейді. Жоба «Күзгі асар» жәрмеңкесін, «Мамандықтар әлемі» іс-шараларын, «Мамандықтар марафоны» байқауын, мектептің әлеуметтік желілеріне жазбалар жариялау арқылы жүзеге асырылады. «Күзгі асар» жәрмеңкесінде білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен табиғаттың орман өнімдерін пайдалана отырып, ата-аналарымен бірлесіп жасаған қолөнерлерін ұсынады. «Мамандық әлемі» шарасын өткізу мамандықтармен танысу үшін түрлі кәсіпорындарға немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеп, өңірдегі мамандықтармен танысады. «Мамандықтар марафоны» байқауы білім алушылардың шеберлігін көрсету арқылы (мысалы, ағаштан бұйым жасау) әртүрлі мамандықтарға бейімділігін және білім беру ұйымдарындағы жас шеберлерді, таланттарды анықтауға бағытталады (WorldSkills халықаралық байқауына дайындық). Конкурс сарапшыларына түрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тартуға болады. Мектептің әлеуметтік желілерінде білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат жүргізіп, оны мектептің әлеуметтік желілерінде жариялайды, үздік жазба иелерін анықталады.

- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба. Жобаны жүзеге асыру барысында «Даналық ұстаздан» челленджін, «Ұлттық мәдениет» көрмесін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін, «Ананың аялы алақаны» челленджін, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысын ұйымдастырылады.

- «Даналық ұстаздан» – мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғалімдеріне, сүйікті педагогтерге және құрметті тәлімгерлерге арналған челленджі өткізіледі. Қатысушылар бейне хабарлама, мақалалар, өлеңдер, әндер, суреттер және басқа да шығармашылық формалар арқылы алғыстарын білдіре алады.

- «Ұлттық мәдениет» көрмесі білім алушылардың ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден және басқа материалдардан жасалған бұйымдар) пайдалана отырып орындалған шығармашылық жұмыстарын ұсынады. Мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға аптасына бір рет мектепке ұлттық киіммен келуге немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды қолдануға болады.

- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі саптық әндер конкурсын, әскери-патриоттық фестиваль, спорттық-далалық ойындарды өткізуді қамтиды. Білім беру ұйымдарына «Жас сарбаз» фестивалін өткізу кезінде қазақстандық авторлардың әндерін және Ұлттық әскери форманы пайдалану ұсынылады.

- «Ананның аялы алақаны» челленджінде білім алушылар бейнероликтер, мерекелік ашықхаттар және бейне құттықтаулар арқылы аналарына, әжелеріне және барлық аналарға алғыстарын білдіре алады.

- «Әншуақ» фестивалі #Әншуақ хэштегімен «TikTok» әлеуметтік желісінде өз әнін жанды дауыста орындаудың бейнежазбасын жариялау арқылы білім алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту.

- «Домбыра күні» – білім алушылардың, талантты музыканттар мен орындаушылардың қатысуымен түрлі ұлттық аспаптар көрмесімен сүйемелденетін концерт ұйымдастыру.

- Мектеп театрының жұмысын ұйымдастыруда әдеби шығармалар, тарихи оқиғалар мен атаулы күндер, сонымен қатар жағымсыз әдеттердің алдын алу (лудомания, нашақорлық, кибергигиена т.б.) бойынша сыныптар арасында байқаулар мен театрландырылған қойылымдар фестивалін өткізу ұсынылады.

- «Ұшқыр ой алаңы» – пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу арқылы тақырыпты зерделеу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру негізінде түйінді құндылықтарды дамыту көзделеді. Білім беру ұйымдарына құндылықтарға, тарихи оқиғаларға, атаулы күндерге, адам құқығы мен заңдарды зерттеуге, жағымсыз әдеттердің алдын алуға (лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық-зомбылық, буллинг және т.б.) байланысты тақырыптық пікірталастар өткізу ұсынылады. Пікірталасқа ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін тартуға болады.

- Зияткерлік ойындарды тек мектеп пәндеріне ғана емес, сонымен қатар танымал тұлғаларға, атаулы күндерге, әлемдік және спорттық оқиғаларға байланысты зияткерлік ойындарды ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту ұсынылады.

- «Smart bala» жобасы – инновациялық жобалар байқауы арқылы құндылықты дамытуды көздейді. Жоба шеңберінде «Startup» және «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурстары өткізіледі. «Startup» байқауы кәсіпкерлік және инновация саласында білім алушылардың қызығушылығын оятуға және дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарына TEDx форматында таныстырылымдар, инновациялық идеялардың тұсаукесерлерін өткізу ұсынылады.

- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауында мектептің мүмкіндіктеріне қарай, жасанды интеллектті пайдалану арқылы командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізуге болады. Конкурсты ұйымдастыру барысында инновациялық

объектілерге бару немесе аталған объектілер туралы материалдарды (ЕХРО, ІТ университеті, ғарыш айлағы және басқалар) онлайн-қарау ұсынылады.

- «Балалар кітапханасы» – оқу мен білімге деген қызығушылықты қалыптастыру. Жоба әдеби кеш, кітаптар жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауы, «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджінен тұрады.

- Білім беру ұйымдарына әдеби кеш, кітап жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауын өткізу кезінде балалар мен жастар арасында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылауды ұйымдастыруға болады.

- «Кітаптар айналымы» акциясы шеңберінде кітапханада, мектеп буккросингінде білім алушыға қажетті кітапты алып оқуы үшін үйден өзінің бір кітабын әкеліп ауыстырып алу мүмкіндігі болатын кітаптар сөресін құру ұсынылады.

- «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Досыңа кітап сыйла» челленджін ұйымдастыруды, жазбалары мен тілектері бар кітаптарға сыйлық мұқабаларын жасауды және т.б. қамтиды.

- Әлеуметтік жобаларды іске асыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес өткізіледі (бұйрыққа 2-қосымша). Білім беру ұйымдары іс-шараларды өткізу уақытын, қатысушылардың санын, өтетін орнын дербес айқындайды. Әрбір іс-шараның мазмұнын әзірлеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру қажет.

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕСІНДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ҰЙЫМ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ БОЙЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ КҮТІЛЕДІ:

ҚҰНДЫЛЫҚ: ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

1-4 сынып:

- мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
- мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
- дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
- отбасының құндылығын түсіну;
- тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
- қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

5-8 сынып:

- Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;
- Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;
- азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;
- мемлекеттік тілді меңгеру;
- Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;

- әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;
- Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

9-11 сынып:

- халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
- ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
- мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
- мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;
- отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
- Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ

- Құзыреттілік: тиімді коммуникация

1-4 сынып:

- командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
- өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
- басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
- бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
- тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

5-8 сынып:

- қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;
- сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;
- тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;
- бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;
- басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

9-11 сынып:

- әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
- ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;

- басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;
- қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;

мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Құзыреттілік: қоғамға қызмет

1-4 сынып:

- шындықты айту;
- достыққа адал болу;
- жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
- өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
- заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

5-8 сынып:

- өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;
- әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;
- оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;
- берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
- басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

9-11 сынып :

- нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;
- әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;
- қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;
- белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;
- тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

- Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

1-4 сынып:

- өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;
- қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;
- педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
- кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

5-8 сынып :

- құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;

- тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;
- қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

9-11 сынып :

- өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;
 - моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;
- тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

-

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

1-4 сынып:

- мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
- өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
- отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
- нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;
- өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

5-8 сынып:

- өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;
- түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;
- өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;
- еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;
- жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

9-11 сынып:

- тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;
 - өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;
 - нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;
- еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;
- дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

- Құзыреттілік: шығармашылық

1-4 сынып:

- қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;
- жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;
- инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;

- жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
- өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

5-8 сынып:

- тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу;
- өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;
- бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;
- модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;
- оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін табып, олар үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;
- әртүрлі таным құралдарын қолданудағы дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

9-11 сынып:

- зерттеу жүргізу және ғылым тәсілді қолдану қабілеті;
- ақпаратты талдау және бағалау;
- жаңа идеяларды ұсыну;
- заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;
- мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Апта дәйексөзі: Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға (А.Құнанбайұлы)				
№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Қыркүйек – «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК» АЙЫ 1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
1	Білім күні. «Мектеп – мейірім мекені!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Салтанатты іс-шара /сынып сағаты, БАҚ-на жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Қыркүйектің 1 аптасы
2	Отбасылардың әлеуметтік төлқұжатының деректерін жаңарту. Қолайсыз отбасылардың тізімін салыстыру. «Тәуекел тобындағы» балалардың тізімін қалыптастыру Жергілікті атқарушы билікпен рейд жұмысын ұйымдастыру	Деректер жинақтау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Қыркүйектің 1 аптасы
3	«Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсыновтың туған күніне орай) Қазақтың бас ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл «Жасымда білім бар деп ескермедім» дебат ойыны	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған онкүндік	Гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері	Қыркүйектің 1 аптасы
4	«Уақытты басқару және өзін-өзі	Ата-аналар жиналысы	Директордың тәрбие ісі	Қыркүйектің 1

	ұйымдастыру» «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру	Педагогикалық кеңес отырысы	жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, педагог-психолог	аптасы
5	«Бірлік және ынтымақ» құндылығының негізінде «Өнегелі 15 минут » телеграм каналы	Іс-шаралар онлайн форматта	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	Жыл бойы
6	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру «Біздің жігіттер» арқан тартыс ойынынан челлендж жолдау	Ойындар	Сынып жетекшілер, тәлімгер	Күнделікті
Апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!				
6	«Қауіпсіз мектеп» онкүндігі ММО кездесу Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен шара Сынып жетекшілер	Қыркүйектің 2 аптасы
7	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»	Челлендж	Директордың тәрбиеісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Қыркүйектің 2 аптасы
8	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІД және т. б.) бірлесіп	Қыркүйектің 3 аптасы
	«Қауіпсіз мектеп менің көзіммен» эссе байқауы			
Апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. (Абай)				
9	Еңбек түбі береке. Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қыркүйектің 4 аптасы

10	«Қамқор» жобасы аясында «Таза Қазақстан» акциясы	сенбіліктер	Мектеп ұжымы, ата-аналар, білім алушылар	Қыркүйектің 4 аптасы
11	«Толық адам» ілімі негізінде ата -аналар институтын қалыптастыру» қамқоршылық кеңес отырысы	Іс- шаралар, сараптама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Жыл бойы
12	«Мобильдік көмек» рейд жұмысы	Іс- шаралар, жинақ	педагог-психологтар	Жыл бойы
13	«Жастар театры» жобасы	Сараптама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Жыл бойы
14	«Дара бала» фестивалі	Қорытынды	«Дарын» орталығы	Арнайы жоспармен
15	Білім алушылардың төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік сауаттылығын арттыру	Оқу-жаттығулар, нұсқаулық	Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шара	Тоқсан сайын
16	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы қызметтерін нығайту	Іс-шаралар	Сынып жетекшілер, психолог	Жыл бойы
17	Даналық мектебінің жұмысы	Іс-шаралар	Сынып жетекшілер, психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог	Жыл бойы
18	«Досбол Like» жобасын іске асыру «Менің досым» достық алаңы	Іс-шаралар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, психолог , тәлімгер, әлеуметтік педагог	Жыл бойы
19	Алкогольдің, темекінің, есірткінің, темекінің жас ағзаға әсері мәселелері бойынша денсаулық сақтау саласымен бірлесіп дәрістер, әңгімелер циклі.	Дәрістер	Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шара Сынып жетекшілер, психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог	Арнайы жоспармен
20	«Жасөспірімдер арасындағы	Бірыңғай құқықтық білім сағаты		Жыл бойы

	діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу»		Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шара Пән мұғалімдері, сынып жетекшілер	
21	Балалардың жол жарақаттануының алдын алу	Бірыңғай құқықтық сағат	Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шара Сынып жетекшілер	12.09.25
22	«Үйге қауіпсіз жол» үздік бейнеролик байқауы (1-8 сынып)	Конкурс	Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шара Сынып жетекшілер	22.09-26.09
23	Оқушылар арасында қаңғыбастық, қайыр сұрау, оқудан жалтару факторларын анықтау мақсатында бірлескен жедел-профилактикалық іс-шаралар: - "Жалпыға бірдей оқыту" - "Жасөспірім" - "Түнгі қаладағы балалар" - «Мектепке жол» акциясы	жедел-профилактикалық іс-шаралар	Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шара Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Арнайы жоспармен
24	Білім беру ұйымының әлеуметтік парақшаларында өткізілген іс-шараларды жариялау			Жыл бойы

Қазан айы – «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ» АЙЫ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

Апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!

1	«Қамқор» жобасы «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет Қамқор фракциясы	Жалпы мектептік волонтерлық акциясы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	Қазанайының 1 аптасы
2	«Шабьт» жобасы аясында «Даналық ұстаздан» Ашық микрофон алаңы, зейнеткер ұстаздармен кездесу	Челлендж	Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қазанайының 1 аптасы
3	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут) Мектеп инспекторының қатысуымен	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Қазан айының 1 аптасы
4	Ойынға салауатты көзқарас «Қоғам және әлеуметтік желі. Кибербуллинг салдары» IT маманымен сұхбат	Алдын алу шаралары (лудоманияның алдын алу)	Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шара, Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	Қазан айының 1 аптасы
5	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	Қазан айының 2 аптасы
6	«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі «Отбасы жылуы» ата ананың қатысуымен	Жәрмеңке	Сынып жетекшілері	Қазан айының 2 аптасы
7	Буллингтен қорған!	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қазанайының

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)			Заптасы
8	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Мектеп президенті құндылығы» қарарындағы ойын	Мектеп деббаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қазан айының 4 аптасы
9	Республикам – мақтанышым! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Іс-шара/сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	Қазан айының 4 аптасы
10	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Демалыста кітап оқимыз» акциясы «Орман отбасы» байқауы	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепшілік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы	Қазан айының 4 аптасы
11	«Еңбегі адал- жас өрен» жобасы аясында жұмыс орындарға саяхат «Жұмысшы мамандықтар» жылы	Іс-шаралар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, кәсіби бағдар беруші	Қазан айының 4 аптасы
16	«Рухани келісім» күні Театрға саяхат	Іс-шаралар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	17 қазан
17	Кітапханашылар күніне орай ұйымдастырылатын ашық есік күні кітапханада	Форум	Мектеп кітапханашылары	24 қазан

Қараша – «ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК» АЙЫ

«АЛТЫН САҚА» ОЛИМПИАДАСЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша–Халықаралық толеранттылық күні

1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қаржылық сауаттылық жаднамалары мен ақпараттандыру Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қарашаның 1 аптасы
2	«Шабыт» жобасы аясында «Адал табыс азаматтығым» Мектеп театры	Театр қойылымы	Эстетикалық цикл пәндер мұғалімдері, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Мектеп тәлімгері	Қарашаның 1 аптасы
3	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні Қаржылық сауаттылық жаднамалары, видео роликтер Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қарашаның 2 аптасы
4	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында зияткерлік ойын ұйымдастыру «21 ғасыр көшбасшысы»	Зияткерлік ойын	Сынып жетекшілері	Қарашаның 2 аптасы
5	«Smart bala» жобасы аясында «Startup» байқауы Информатика пәнінен мульт бейне баянын жасау ашық сабағы	Байқау	Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қарашаның 3 аптасы
6	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут) ИДН инспекторымен кездесу	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері, психолог	Қарашаның Заптасы
7	Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры М.	Танымдық сабақтар	Тарих, қазақ тілі мен әдебиеті пәні	Қарашаның Заптасы

	Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл «Батырдан Оал5ан ой жазба» ашы қ алаң		мұғалімдері, кітапханашылар	
8	Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	Қарашаның 4 аптасы
9	Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист М. Дулатовтың туғанына 140 жыл «Жазушының көзімен» шы5арма талдау	Танымдық сабақтар	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, кітапханашылар	Қарашаның 4 аптасы
11	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы қызметтерін нығайту «Әрбір бала жарық жұлдыз» отбасылық тәрбиеге бағытталған бейне роликтер байқауы	Іс шаралар	Сынып жетекшілер, психолог	Жыл бойы
12	Ата-аналар жиналысы (ІІБ, прокуратура қызметкерлерін құқық бұзушылықтың, топтық төбелестің, зорлық- зомбылықтың, нашақорлықтың алдын алу бойынша)	Жиналыс	Мүдделі мемлекеттік органдар, Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Қараша, қаңтар, наурыз
13	5-8 сынып оқушыларының «Электрондық темекінің зияны» презентациясын қорғау	Жоба	Сынып жетекшілер	Қараша Арнайы жоспармен
14	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітаптар айналымы» «Мен оқыған бір кітап» кітап	Акция	Сынып жетекшілер, кітапханашылар	Жыл бойы

	талқылау алаңы			
Желтоқсан – «БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ» АЙЫ				
5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні				
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты, Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшілері	Желтоқсанның 1 аптасы
2	«Жетістігімді еліме арнаймын» «Менің білімім мен талантым ел болашағының үстемдігі» түлектермен сұхбат	Челлендж	Сынып жетекшілер, тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Желтоқсанның 1 аптасы
3	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында іс-шаралар ұйымдастыру Жазушы, Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі	Мүдделі мемлекеттік органдар, Сынып жетекшілер, кітапханашылар	Желтоқсанның 2 аптасы
4	Тәрбие сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут) ММО қатысуымен	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Желтоқсанның 2 аптасы
5	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты «Еріктілер қоғам күші» дебат ойыны	Достық кездесу	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Желтоқсанның 3 аптасы
6	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Желтоқсанның 3 аптасы
7	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Желтоқсанның 4 аптасы
8	10 желтоқсан - Халықаралық адам құқықтары күні «Құқығыңды білсең» дебат	Іс -шаралар	Сынып жетекшілер, тарих пәні мұғалімдері	Арнайы жоспармен

	ойыны			
9	16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Туған жердің патриотымын» тәрбие сағаттары	Іс-шаралар	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілер, кітапханашылар	Арнайы жоспармен
10	Эссе байқау «Менің -өмірлік көзқарасым»	Челлендж	Пән мұғалімдері	4 апта
11	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы қызметтерін нығайту	Сабақтар	Сынып жетекшілер, психолог, әлеуметтік педагог	4 апта
12	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Ғаламтордағы өмір» театрлық қойылым	Алдын алу іс-шарасы (лудоманияның алдын алу шарасы)	Мүдделі мемлекеттік органдар, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Желтоқсанның 4 аптасы
13	«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы аясында «Мамандықтар әлемі»	Марафон	Сынып жетекшілер, тәлімгер, кәсіби бағдар беруші	Жыл бойы

Қаңтар – «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» АЙЫ

«ҰЛТТЫҚ ӨНЕР» КӨРМЕСІ

Қазақ есебі

1	«Еңбегі адал- жас өрен» жобасы аясында Мамандықтар марафоны Жас кәсіпкерлермен кездесу	Байқау	Көркем еңбек, информатика, мұғалімдері	Қаңтардың 2 аптасы
2	Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз! «Адал ұрпақ клубы» жаднамалар тарату Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Мүдделі мемлекеттік органдар Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Қаңтардың 2 аптасы

3	Халық қаһарманы, жазушы Б. Момышұлының туғанына 115 жыл «Темірдей тәртіп маңызы» дебат ойыны	Іс-шаралар	Тарих, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, кітапханашылар	Қаңтардың 2 аптасы
4	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында зияткерлік ойыны	Зияткерлік ойын	Сынып жетекшілер	Қаңтардың 3 аптасы
5	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Қаңтардың 3 аптасы
6	«Құндылық менің асыл тәжім» ММО қызметкерлерімен дөңгелек үстел	Іс-шаралар	Педагогтер	Жыл бойы
7	Тәрбие сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Қаңтардың 4 аптасы
8	«Smart bala» жобасы аясында «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы	Байқау	Информатика, жаһандық құзыреттілік мұғалімдері	Қаңтардың 4 аптасы
9	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы қызметтерін нығайту	Сабақтар	Сыныпжетекшілер, психолог	4 апта

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

1	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Ақпан айының 1 аптасы
2	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында дебат ойындары «Кітап оқу трендте» дебат ойыны	Мектеп дебаты	Тәлімгер, мектептің мзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 1 аптасы
3	Көрнекті ағартушы, тарихшы, географ, этнограф Ш. Уалихановтың туғанына 190 жыл «Менің Қазақстаным» вертуалды саяхат	Іс-шаралар	Тарих, география, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, кітапханашылар	Ақпан айының 1 аптасы

4	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	Ақпан айының 2 аптасы
5	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Мен ұсынатын бір кітап» ашық микрофон алаңы	Челлендж	Кітапханашы, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 2 аптасы
6	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Ақпан айының 3 аптасы
7	«Smart bala» жобасы аясында «Startup» байқауы	Байқау	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 3 аптасы
8	Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Ақпан айының 4 аптасы
9	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы қызметтерін нығайту «Кибербуллинг және қоғам. Балаңыздың әлеуметтік желідегі белсенділігін бақылайсыз ба?» сауалнама	Сабақтар	Сыныпжетекшілер, психолог	4 апта
10	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні»	Сынып сағаты	Мүдделі мемлекеттік органдар, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	4 ақпан
11	«Дүниежүзілік мейірім күні» мейірімділік акциясы	Акция	Педагог-психолог, сынып жетекшілер	17 ақпан
12	Әкелер кеңесінің жұмысы - қалалық, мектептік алдын алу кеңестерінің жұмысына қатысу; - оқушылар үшін үйірмелер мен	іс-шаралар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Ақпан

	секциялар ұйымдастыру; - тәлімгерліктібекіту; - әкелер апталығын өткізу; - қалалық әкелер слетін өткізу.			
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
1	Алғыс – ізгі ниет Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Наурыздың 1 аптасы
2	«Шабыт» жобасы аясында «Ананың аялы алақаны» челленджі	Челлендж	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Наурыздың 1 аптасы
3	Қазақ поэзиясының алыбы, ақын Ж. Жабаевтың туғанына 180 жыл «Менің пірім Сүйінбай» арнаулар сайысы	Байқау	Мүдделі мемлекеттік органдар, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, кітапханашылар	Наурыздың 1 аптасы
4	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Наурыздың 2 аптасы
5	«Шабыт» жобасы аясында «Ұлттық мәдениет» көрмесі Музейге саяхат	Көрме	Көркем еңбек мұғалімдері, сынып жетекшілері мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Наурыздың 2 аптасы
6	«Шабыт» жобасы аясында Мектеп театры «Бақыт деген» қойылымы	Театр қойылымы	Пән мұғалімдері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Наурыздың 3 аптасы

7	«Қамқор» жобасы аясында «Жер сағаты» экологиялық акциясы Жастар саясаты өлімінің қатысуымен	Акция	Пән мұғалімдері	Наурыздың 4 аптасы
8	Наурыз – жыл басы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Наурыздың 3 аптасы
	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы қызметтерін нығайту «Анам және мен» байқауы	Сабақтар	Сынып жетекшілер, психолог, әлеуметтік педагог	4 апта
Сәуір – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ «ТУҒАН ӨЛКЕМ» ФЕСТИВАЛІ Шахмат ойнау 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
1	«Біз таңдаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 1 аптасы
2	Алаш қозғалысының жетекшісі Ә. Бөкейхановтың туғанына 160 жыл Кітап көрмесі	Іс-шаралар	Тарих, география, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, кітапханашылар	Сәуірдің 1 аптасы
3	7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық сақтау күніне орай «Салауатты өмір салты – менің ұстанымым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, тәлімгер	Сәуірдің 2 аптасы
4	«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып	Шеберлік сынып	Сынып жетекшілері / педагог-психологтер	Сәуірдің 2 аптасы
5	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 3 аптасы
6	Қоғамдық мүлікті қорға!	Сынып сағаты	Директордың тәрбие	Сәуірдің 4 аптасы

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)		ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	
7	«Қамқор» жобасы аясында «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» еріктілер акциясы	Акция	Пән мұғалімдері	Сәуірдің 3 аптасы
8	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында дебат ойындары Достық кездесу	Дебат	Өзін-өзі басқару ұйымы	Сәуірдің 4 аптасы
9	24 сәуір - Халықаралық жастар ынтымақтастығының күніне арналған «Біз –қайратты жастармыз» «Мектебімнің жалынды жастары» марапаттау кеші	видеороликтер байқауы	Мемлекеттік мүдделі органдар, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	24 сәуір
10	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы қызметтерін нығайту	Сабақтар	Сынып жетекшілер, психолог	4 апта

**Мамыр – бірлік және ынтымақ айы
«Таза Қазақстан»**

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні
7 мамыр – Отан қорғаушылар күні еске алу күні
9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні
15 мамыр – Халықаралық отбасы күні
18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні
31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын

1	«Туған өлкемнің табиғаты менің аманатым» Жасыл мекен Қауіпсіздік сабағы (10 минут) Эколог мамндарымен кездесу	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Мамырдың 2 аптасы
2	«Шабыт» жобасы аясында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі Жергілікті ішкі істер қызметкерлерінің қатысуымен	Фестиваль	АӘДТ пән мұғалімдері, музыка пәнінің мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Мамырдың 2 аптасы
3	«Шабыт» жобасы аясында «Әншуақ» фестивалі «Әнші балапан» мектеп директорының марапаттау рәсімі	фестиваль	Музыка пәні мұғалімдері	Мамырдың 2 аптасы
4	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы «Сапалы уақыт» марафонының жеңімпаздарымен кездесу	Суреттер, фотосуреттер көрмесі, спорттық сайыстар	Мемлекеттік мүдделі орнандармен, сынып жетекшілер	Мамырдың 2 аптасы
5	«Қамқор» жобасы аясында «Түлектердің ағаш егуі» эчелленджі	Челлендж	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Мамырдың 3 аптасы
6	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут))	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Мамырдың 3 аптасы
7	Қауіпсіз қоғам	Алдын алу іс- шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Мамырдың 3 аптасы

8	Білімім – Отаныма! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сыныпжетекшілер	Мамырдың 4 аптасы
9	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы қызметтерін қорытындылау Қамқоршылық кеңес отырысы	Сабақтар	Сынып жетекшілер, психолог, әлеуметтік педагог	Мамырдың 4 апта
10	Педагог, қоғам қайраткері А. Жұбановтың туғанына 120 жыл	Танымдық іс- шаралар	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, кітапханашылар	Мамырдың 4 апта